

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Шал ақын ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2023-2024 оқу жылындағы тәрбие ісі бойынша атқарған жұмыстарының есебі.

«Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 2023-2024 оқу жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 19 қыркүйектегі № 472 бұйрығы мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ негізінде жасалған тәрбиенің жылдық жоспары жасалып, бекітілді.

Тәрбие жұмысының тақырыбы: Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
3. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
4. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп

санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

2023-2024 оқу жылы тамыз айында ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Оқу жылына байланысты барлық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқу жылының тәрбие жоспарын талқылау мақсатында сынып жетекшілермен «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жоспарланды. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетілді.

Сынып жетекшілермен жұмыс.

2023-2024 оқу жылында мектебімізде барлығы 1-11 сыныптар арасында 22 сынып комплектісі, 3 даярлық тобы бар. 1 - 4 сынып бойынша 8 сынып, 5 – 8 сынып бойынша 8 сынып, 9- 11 сынып бойынша 6 сынып. Барлығы 22 сынып жетекші, 3 тәрбиеші қызмет атқарады. 433 оқушы білім алуда. Тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйек №294 бұйрығын басшылыққа алып, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде жүзеге асырылды. Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Білім беру ұйымдарының барлық тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, алғыс айту, ілтипат, талап сияқты құндылықтар көрініс табуы қажет. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында берілген жалпы білім беру мазмұнының базалық құндылықтары мен жалпы адамзаттық және қазақ халқының ұлттық құндылықтарын кіріктіру ұсынылды. «Біртұтас тәрбие бағдарламасында» көрсетілген 3 құндылық бойынша жүзеге асырылады. Тәрбие жұмысы барысында белгіленген 3 құндылықтың өзіндік мақсаттарын орындау басшылыққа алынды. Осыған байланысты сынып жетекшілер тәрбие жоспарын жасауда 3 құндылықты негізге ала отырып, туғаннан 6 жасқа дейін, 6 – 10 жас кезеңіндегі бала тәрбиесі, 11- 15 жас кезеңдегі жасөспірім тәрбиесі, 15 – 18 жас кезеңіндегі жастар тәрбиесі бойынша оқушылардың жас ерекшелігіне сай тәрбие жоспарларын жасады. Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы әр тоқсан сайын ұйымдастырылып тұрады.

1. Ата - аналар жиналысын өткізудің заңнамалық негізі және басшылыққа алатын құжаттармен танысу.

2. Ата - аналармен тиімді жұмыс жасау формалары мен құнды қағидаларын анықтау.

3. Әр түрлі форматтағы ата - аналар жиналысының жоспарын құрастыру.

2023 -2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу – тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатында мектептердің ата – аналар қауымдастығымен өзара іс – қимылын нығайту, ата – аналарды педагогикалық қолдау орталықтары құрылды. Ата-ана мен мектептің қарым- қатынасы – ұрпақ тәрбиесінің қайнар бұлағы. Мектептегі тәрбие жұмысының нәтижелігінің бір ұшы ата-аналармен, қоғамдастықпен мектептің бірлескен әрекетінде.

Ата-аналардың мектеппен ынтымақтастығының басты баспалдақтарының бірі- оқу жылында өткізілетін ата-аналар оқуы болып табылады. Ата–аналармен тұрақты байланыс орнату. Жас ұрпақты жан-жақты жетілген, ақыл-парасатты, ой-өрісі биік азамат етіп тәрбиелеу - қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы-жанұясы. Жанұялық тәрбие ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынстық жүйе. Олай болса, ата-ана осы жүйені ғылым мен өнер ретінде жан-жақты меңгеру қажет. Сондықтан мұғалім мен ата-аналардың өзара қатынасы міндеттерінің ең негізгісі –психологиялық - педагогикалық білімдерін көтеру болып табылады.«Ата – аналарды педагогикалық қолдау» орталығы аясында өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруде ата – анамен бірлесе жұмыстар жүргізу.

Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты:позитивті ата – ана мәдениетін дамыту арқылы балалардың әл- ауқатын, тұлға ретінде үйлесімді дамуын қамтамасыз ету үшін орта білім беру ұйымдары мен ата – аналар арасындағы тиімді өзара әрекеттестікті нығайту.

Орталықтың міндеттері: Балалардың саламаттығын қамтамасыз ету үшін ата – аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық – педагогикалық және әлеуметтік құзыретін дамытуға арналған жүйелік педагогикалық қолдауды ұйымдастыру.Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда білім беру ұйымы және отбасы арасындағы өзара әрекеттестікті нығайту.Балалардың саламаттығын үдерісте қамтамасыз ету бойынша балалардың тәрбиесі мен дамуына ата – ана жауапкершілігін арттыру.

Жүзеге асу принциптері:

- ✓ Ұлттық мәдениет, құндылықтар мен дәстүрлердің сабақтастығы;
- ✓ Үдерістің гуманистік бағыттылығы;
- ✓ Ата – аналарға дифференциалды және жекелей қолдау көрсету;
- ✓ Заманауи ғылым мен тәжірибенің озық үлгілерін пайдалану;
- ✓ Әлеуметтік серіктестікке басымдық беру, ресурстық ұйымдар мен біліктілікті эксперттерді тарту;

Ата – аналарды педагогикалық қолдау көрсету орталықтарындағы сабақтардың мазмұны орта білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие бағдарламасына»және балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес олардың әл – ауқатты контексіндегі ұлттық құндылықтарға негізделеді. Педагогикалық қолдау 1 -11 сынып оқушыларының ата – аналарына арналған бағдарламаларды таңдауына сәйкес жүзеге асырылады.Педагогикалық қолдау бағдарламасы әр буын бойынша жыл көлемінде сегіз сабақты қамтиды.Атап айтсақ: мектебімізде ата – аналар оқуы әр буын бойынша ай сайын өтіп отырады.

1.1- 4 сынып ата – аналармен

1. 1- 4 сынып ата – аналары мен «Әрбір бала жарық жұлдыз» тақырыбында ата – аналар оқуы өткізілді.

2. 1 - 4 сынып оқушылардың ата – аналарымен «Баланың тапқырлығы мен эрудициясын қалай дамытуға болады» тақырыбында ата – аналар оқуы ұйымдастырылып өткізілді.Мақсаты: ата – аналардың үйде балалардың тапқырлығы мен эрудициясын дамытуға бағытталған интеллектуалдық ойындар мен жаттығуларды қолдану дағдыларын дамыту.

3.1-4 сынып ата - аналарымен "Құмар ойындары - тәуелділік қақпаны" тақырыбында ата - аналар оқуы өтті. Мақсаты:Ата - аналардың интернет - ресурстарды қауіпсіз пайдалану, балалардың ойынға тәуелділігін жеңу дағдыларын дамыту.

4. "Сенім арту – жетістік кепілі" тақырыбында 1-4 сынып ата-аналарымен ата - аналар оқуы өтті.Мақсаты: ата-аналардың әртүрлі жағдайларда балаға тиімді көмек көрсетуге дайындығын қалыптастыру.

5. 1-4 сынып ата - аналарымен "Әкеге қарап ұл өсер, Анаға қарап қыз өсер"тақырыбында ата - аналар оқуы өткізілді.

6. 1- 4 сынып ата - аналарымен "Тәлімменен өрілген біздің дәстүр"тақырыбында ата - аналар оқуы өткізілді.Мақсаты:Ата - аналардың отбасылық әл - ауқатын нығайту үшін прогрессивті дәстүрлерді дамытуға және қолдауға дайындығын қалыптастыру.

1.5 – 8 сынып ата – аналарымен

1.5- 8 сынып оқушылардың ата –аналарымен «Балаға үйрету:ақылыңды мейірімге орап бер.Өз балаңыздың кілтін қалай табуға болады?» тақырыбында ата – аналар оқуы өткізілді. Мақсаты: ата – аналарды жас дағдарысы кезінде жасөспіріммен үйлесімді қарым – қатынас орнату қабілетін дамыту.

2.5 – 8 сынып оқушылардың ата – аналарымен «Бұлақ көрсең, көзін аш» тақырыбында ата – аналар оқуы өткізілді. Мақсаты: ата – аналардың баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту, дағдыларын қалыптастыру.

3.5-9 сынып ата - аналарымен "Әр нәрсенің өлшемі бар..." "Қажет" пен "қалау" арасындағы тепе - теңдікті қалай сақтауға болады тақырыбында ата - аналар оқуы өткізілді.

4. 5-9 сынып ата - аналарымен "Әр нәрсенің өлшемі бар..." "Қажет" пен "қалау" арасындағы тепе - теңдікті қалай сақтауға болады тақырыбында ата - аналар оқуы өткізілді. Мақсаты: ата-аналардың жасөспірімнің талаптары мен қалауы арасындағы тепе -теңдікті ұстау қабілетін дамыту,ата-аналар мен балалар арасындағы жағымды қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

5. «Отбасы құндылығы»тақырыбында ата – аналармен тренингұйымдастырылып өткізілді.

1.9-11 сынып ата - аналарымен "Әлеуметтік желілер және интернет кеңістігі: жоғары сынып оқушыларының қауіпсіз мінез - құлық тақырыбында ата - аналар оқуы өткізілді.

2.8 - 11 сынып оқушыларының әкелерімен “Атадан өсиет, анадан қасиет "тақырыбында әкелер оқуы өткізілді.

Өткізілген ата – аналар оқуы әртүрлі әдіс – тәсілдерді (семинар – практикумдер, тренингтер, іскерлік ойындар, пікірталастар, талқылаулар және т.б) қолдана отырып жүргізілді.

✓ **Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталық сабақтарында ата – аналармен өзара әрекеттесу үдерісінің ерекшеліктерін 4 топқа бөліп қарастыруға болады.**

1.Эмоционалды көңіл – күй қалыптастыру. Бұл кезде ата – аналар сабақ тақырыбын ұғынады:ойындарға, тестерге қатысады, сұрақтарға жауап береді. Нәтижесінде: Сенімге негізделген қатынастар орнайды, білім беру үдерісіне қатысу қамтамасыз етіледі.

2.Ақпараттық болк: миға шабуыл, эксперимент, блиц – сұрақтар, сторителлинг, бейнематериалдар.Ата – аналар тарапынан ойланады, талқылайды, талдайды,қорытынды жасайды, QR код пен әдебиетке сілтемелерді пайдаланады.Нәтижесінде: Қойылған мәселелердің өзектілігін түсінеді, ананың, әкенің рөлі, балалардың жас ерекшеліктері туралы түсініктерін тереңдетеді.

3.Практикалық іс – әрекет: тренингтер, хакатон, ворк –шоп, кейс – стади,жаттығулар, іскер ойындар, рөлдік ойындар, шағын пікірталастар және т.б.Ата – аналар тарапынан өз ұстанымдарын айтады,шешім ұсынады, рөлдерді орындайды, өз тәжірибелерімен бөліседі, бір – бірінен үйренеді, шағын жобалар, алгоритмдер жасайды, шығармашылық тапсырмаларды орындайды. **Нәтижесінде:**Отбасындағы қарым – қатынас, белсенді тыңдау, жанжалды реттеу, күйзеліске төзімділікті дамыту, стандартты емес жағдайларды шешу дағдыларын игереді.

Ата – аналардың педагогикалық қолдау орталығының негізінде «Даналық мектебі»клубы құрылды.«Даналық мектебі» клубының қызметі білім беру ұйымының позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және дамыту жөніндегі жұмыстың ажырамас бөлігі болып табылады.

✓ **«Даналық мектебі» клубы қызметінің мақсаты – аға буынның педагогикалық әлеуетін өзектендіру арқылы ата-аналардың позитивті мәдениетін дамытуға жәрдемдесу.**

Клубтың міндеттері:

- ▶ аға буынның бастамашыл және ресурстық өкілдерін позитивті ата-ана мәдениетін дамыту жөніндегі жұмысқа тарту;
- ▶ ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді білім берудің негізгі өзегіне айналдыруға жәрдемдесу;

- ▶ өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың оң тәжірибесін таратуға ықпал ету.
- ▶ **«Даналық мектебі» клубының қызметінен күтілетін нәтиже:**
- ▶ позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және өскелең ұрпақты тәрбиелеудің өзекті мәселелерін шешу үшін аға буынның тәжірибесін табысты пайдалану.

Әрбір қызмет бағытының орасан зор педагогикалық әлеуетін ескере отырып, әрбір білім беру ұйымында клубтың барлық 4 секциясы жұмыс атқарады:

Ата өсиеті:

Жетеатасынбілгенұл, жетіжұрттыңқамынжер

-Бабалардәстүрі – ұрпаққаөсиет

« Әже даналығы»

-Ертегі – танымының көзі

-Ырым – тыйым – әдептілік негізі

«Аға қамқорлығы»

-Ағасы бардың – жағасы бар

-Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі

«Жеңге кеңесі»

-Қыз ғұмырдың құпиялары

-Қыздар білуге тиіс.

- ✓ «Даналық мектебі»клубы жыл көлемінде сегіз сабақты қамти отырып, жұмыс жоспары жасалып, жоспар негізінде жұмыстар атқарылды.Атап айтсақ:

1.Шеберлер ауылы"оқушылар қолынан шыққан ұлттық бұйымдар.(Әжелер мектебі)

2. 25 Қазан " Республика күні"мерекесіне орай мектебімізде «Қайырымдылық – ізгі іс» тақырыбында жәрмеңке ұйымдастырылды. (Жеңгелер мектебі)

3. «Ою ойғанның ойы ұшқыр». (Әжелер мектебі)

4.8-10 сынып қыздарымен Қыз балалардың сырт киімін таңдаудағы эстетикалық талғамы тақырыбында қыздар жиналысы. (Жеңгелер мектебі)

5.Әкелер мен бірлескен «Әкенің берген тәрбиесі – балаға өмірлік азық»тақырыбында тренинг өткізілді.Мақсаты: Әкенің отбасындағы тәрбиеге өте маңызды рөл атқаратындығын көрсете білу, мектеп пен ата – ана байланысын ынтымақтастыру өзара серіктестік орнату, ата –ананың, баланың оқу – тәрбиеге қатысты жауапкершілігін арттыру.Ата – аналар жиналысқа бір кісідей келіп қатысады. Тақырыптарға байланысты әр түрлі сұрақтар қойылып, тапсырмалар орындалады. (Ағалар мектебі)

6.5-7 сынып арасында "Әжелер сөзі - тәрбие көзі"атты тақырыпта әжелер мен немерелердің қатысуымен сайыс өтті.Мақсаты: оқушыларымызды ізгілікке, үлкенді сыйлап тыңдай білуге,құрметтеуге,халқымыздың салт - дәстүрлерінен нәр алуға, өй - өрісін дамыту,өнерге баули отырып, инабаттылық пен мейірімділікке тәрбиелеу.(Әжелер мектебі)

7." Аяулы, шебер аналар"тақырыбында шеберлік сағаты өткізілді.

Мақсаты: қазақ халқының ұлттық өнерін, салт-дәстүрін дәріптеу. Әжелеріміз бен аналарымыздың шеберлігін байқау, жұмыс тәжірибесімен бөлісу. Әже тәрбиесін үлгі ету, әрі олардың өнегесін күнделікті өмірде пайдалану. (Әжелер, жеңгелер мектебі)

8. “Таза Қазақстан” экологиялық акциясы аясында 1-4 сынып оқушылары ата - аналарымен бірлесіп, мектеп ауласына ағаш көшеттерін отырғызды. (Ағалар мектебі)

Даналық мектебінің жұмысы жүйелі түрде атқарылды.

Нәтижесінде: Ата-аналар балалардың мінез-құлқының қалай өзгертетінін біледі, баланың мінез-құлқындағы қажетті өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін әдістерді үйренеді. Ата-аналар балаларымен қарым-қатынастың экологиялық таза тәсілдерін меңгереді, бір-бірін тыңдау және есту қабілетін дамытады, балалардың өздерін қауіпсіз сезінуіне көмектесетін шектеулерді қалай қою керектігін түсінеді, отбасындағы қарым-қатынасқа жаңа көзқараспен қарайды.

Ата – аналармен жұмыс.

Мектептегі тәрбие жұмысының нәтижелілігінің бір ұшы ата-аналар мен қоғамдастықпен мектептің бірлескен әрекетінде екені еш уақытта күмән туғызбайды. Бала тәрбиесі мен дамуындағы басты рөл атқарушы отбасы. Бала өмірінің басым бөлігі отбасында өтеді. Сондықтан бала мектеп табалдырығын аттағанға дейінгі оның алғашқы ұстазы - ата-анасы. Мектеп пен отбасының ынтымақтастығын жүзеге асыруда сынып жетекшісі негізгі рөл атқарады. Сынып жетекшісінің жұмысынан отбасы мектептегі оқу-тәрбие үрдісінің мәні мен маңызын, ұстанатын бағыттарын түсінеді әрі оған қатысады. Оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беруде ата – ана - оқушы - мұғалім үштік одағы тығыз жұмыс атқарады. Әртүрлі формада ата – аналар жиналысы, оқулары өткізіледі.

5 «А» сынып оқушыларының ата – аналары мен «Бақытыңды балаңнан ізде» тақырыбында ата – аналар жиналысы өткізілді. Мақсаты: ата – ана мен бала арасындағы сенімді сыйластықты, бір – біріне деген сезімді нығайту, бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отбасындағы ата – ана тәрбиесі, өнегесі және баланың бас ұстазы ата – ана екенін түсіндіру. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» демекші, жақсы, жаман әдеттерді бала бойына туғаннан бастап қалыптасандығын сөз етті. Баланың мейірімді, еңбекқор болып өсуі – отбасындағы жайлы, жақсы климаттың болуынан деді. Баламыз өмірден өз орнын тауып, бақытты өмір сүрсін десек, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлуіміз керек.

9 «А» сыныбында «Отбасындағы зорлық зомбылыққа жол бермейік» тақырыбында ата – аналармен тренинг ұйымдастырылып өткізілді. Мақсаты: отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым – қатынасты қалыптастыру. Ата – аналар топтық жұмыстар орындады, сұрақтарға жауап беріп, өз ойларымен бөлісті.

Мектебімізде мектепшілік ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналысқа 1 – 11 сыныптың ата-аналары қатысты. 1. 2022-2023 оқу жылының оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы. 2. «Даналық мектебі» клубының жұмыс жоспары. 3. Әр түрлі мәселелер.

«Біртұтастәрбиебағдарламасында» көрсетілген 3 құндылық бойынша жүзеге асырылды. Тәрбие жұмысы барысында белгіленген 3 құндылықтың өзіндік мақсаттарын орындау басшылыққа алынды. 3 құндылықты негізге ала отырып, тәрбие сағаттары, сыныптан тыс іс – шаралар атқарылды.

2. Құндылық: Ұлттық мүдде.

-Отаншыл, мемелкетшіл және намысшыл

-Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді

-Елінің тарихын құрметтейді

-Ұлттық мирасты мәдениетті дәріптейді

-Құқықтық және экологиялық мәдениетті жоғары бағалайды.

1 қыркүйек күні жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында білімнің басымдылығы мен маңыздылығын және жағымды көңіл-күй, оң көзқарас қалыптастыру мақсатында

2023-2024 оқу жылына арналған «Мектебім – мейірім мекені» атты білім күніне арналған салтанатты жиын ұйымдастырылды. Жиынның алғы сөзін мектеп басшысы Асыл Каримовна Уайсова алып, барша ұстаздар қауымын, ата-аналарды, оқушыларды мерекемен құттықтады. Мерекелік іс – шара барысында қазақ елін тәуелсіздікке жеткізу үшін аянбай күрескен және сол жолда құрбан болған Алаштың батырлары Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов сияқты өткен ғасырдың басында ұлт үшін өлшеусіз қызмет жасаған алаш қайраткерлерін ерекше құрметпен атап өтті.

«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық патриотизм» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары өтілді. Сонымен қатар, шарада 2023-2024 оқу жылының алғашқы қоңырау соғу рәсімі ұйымдастырылып, алғашқы сынып сағатының шеңберінде ұлттық құндылықтардың, патриотизмнің, адалдықтың, адам өміріндегі бір-біріне деген құрмет пен сенімнің рөлін талқылауға ерекше назар аударылды.

Білім күні әлеуметтік желілерде 1-2 минуттық бейнеролик орналастыру бойынша «Мектебім-мейірім мекенім!» республикалық онлайн-акциясы бойынша бейнероликтер мектептің әлеуметтік желілеріне жүктелді. Мектепке жалпы 1-11 сыныпта барлығы 320 оқушы. Биылғы 1 сыныпқа - 36 оқушы қабылданды. 1 сыныптың әдеби монтажы тыңдалды. Жиынға Шал ақын ауданының әкімі-Смагулов Рахат Назымбекұлы, Шал ақан ауданының ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразалин Тұрар Сейтжанұлы қатысты.

Мектеп директоры А.К.Уайсова мен аудан әкімі мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндерді құттықтады. Аудан атынан мектепке Музыкалық аппаратураға сертификат сыйға тартылды.

Мектеп тарапынан мұғалімдер мен ата-аналардан ұйымдастырылған түнгі рейд жоспарланды. Тәртіп бұзушылықтар анықталған жоқ.



«Мектепке жол» Республикалық қайырымдылық акциясы

Әлеуметтік санаттағы отбасы балаларына қолдау көрсету мақсатында дәстүрге айналған «Мектепке жол» республикалық акциясы биыл "Мектепке жол – шекарасыз жақсылық" атты айдармен өткізілуде. Акция еліміздің барлық өңірлерінде ағымдағы жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында өтті.

Акцияның мақсаты: жаңа оқу жылына дайындық уақытында аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету, баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көп балалы, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына нақты көмек көрсету болып табылады.

«Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп» КММ-де арнайы ақпараттық стенд жасалып, жәшік қойылды. Аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата – анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауын алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында ағымдағы жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» дәстүрлі жыл сайынғы республикалық акциясы өткізілді. Бұл акцияның мақсаттары мен міндеттері туралы халықта ақпараттандыру, ауылымыздың көпшілік жерлеріне үндеу хаттар түрінде бұрыштар құрылып, шаруашылық қожалықтар мен ұйымдарға осы акцияға қатысу туралы үндеу шығарылды. Жеке кәсіпкерлер мен ауылымыздың белсенді азаматтарына үндеу хаттар жіберілді. Мектептің комиссия мүшелері және барлық сынып жетекшілері аз қамтылған отбасы балаларының мектепке дайындығын анықтады.

Биылғы жылы акция әлеуметтік бағыттағы «Жақсылық жаса!» атты ұранымен өтті. Акция барысында әртүрлі санаттағы 16 оқушыға көмек көрсетілді. Көпбалалы ана Дигарова Р.С. аудандық мәслихатының хатшысы Жангужинов К.А. 1 сынып оқушысына сөмке, мектепке керекті кеңсе товарларын сыйлады. Салық бөлімінің басшысы Калиакпаров С.К. көпбалалы ана Курсакова А.Е. аяқ киім немесе спорттық аяқ киім р-34,рюкзак, оқу құралдарымен демеушілік жасады. Аз қамтамасыз етілген отбасы Бабашева Ж. демеушілік жасаған Ибраев О.С. оқу құралдарымен қамтамасыз етті. Мектеп директоры А.К. Уайсова жалғызбасты, көпбалалы ана Ахантаева И.Ү. мектепке керек канцелярлық заттарды алумен көмектесті. Бас дәрігердің орынбасары Асылбекова А.Ж. қандас оқушының ата-анасына Қазақ Фариде Дорди кеңсе заттары мен сөмке алып берді. «Бөбек» балабақшасының меңгерушісі Каппасова А.Е. аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан оқушыға спорттық аяқ киім сыйлады. Спорт бөлімінің басшысы Бускеев А.С. көпбалалы отбасынан шыққан 3 сынып оқушысына сөмке мен кеңсе заттарымен көмек көрсетті. ХҚКО басшысы Капаров Р.Т. ата-ананың қамқорлығынсыз қалған 7 сыныптың оқушысына мектепке керекті құрал-жабдықтарымен демеушілік жасады. "Казводхоз" РМК СҚФ директоры Ибатуллин Ш.Н. аз қамтамасыз етілген ата-ана Кажеева А.Ж. 9 сыныптың

оқушысына спорттық киім, кеңсе заттары, аяқ киім алып берді. Фитосанитария директоры Зкрина А.М. жалғыз басты әке Укубасов Б.К. аз қамтамасыз етілген отбасыдан шыққан оқушыға спорттық аяқ киім алып демеушілік жасады. Мұрағат басшысы Оспанова Ж.Т. жалғызбасты ана Мажитова Мираға кеңсе заттары мен оқу құралдарымен қамтамасыз етті. Жалғызбасты ана, мектебіміздің қызметкері Долдина Э. Және көпбалалы ана Айжарикова Н.К., мектеп ұжымы оқу құралдарымен демеушілік жасады. Статистика бөлімінің меңгерушісі Абдрахманова З.Ж. көпбалалы ана Узакова Г. баласына спорттық киім мен аяқ киім алып берді. Қадағалау басқармасының басшысы Мусина С.К. жалғыз басты анаға спорттық киім алуға демеушілік жасады.

Акция туралы әзірленген көрнекті ақпарат тарату бойынша жұмыстар жүргізілді. Қыркүйек айының басынан шаруа қожалықтарына, түнгі мейрамханаларға және май құю стансаларына рейд жұмыстары жүргізілді.

5-қыркүйек халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым, көсемсөз шебері, әдебиет зерттеуші, тюрколог, дарынды ақын-аудармашы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Қазақстан Халқының Тілдер мерекесімен тұспа-тұс келген Ұлы Ұстаздың туған күні құрметіне қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігі мұғалімдерінің ұйымдастыруымен "Ұлтын сүйген ұлы жүрек" атты әдеби кеш өтілді.

Кеш барысында Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларынан сахналық көрініс қойылып, өлеңдері мен аудармаларынан мысалдар оқылды. Дарынды оқушыларымыз ән шырқап, би биледі. Кештің жоғары деңгейде өтуіне күш жұмсаған қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігіне, кешті ұйымдастырған әріптестеріміз А.Е.Дюсенова, Б.С.Мұхаметжанова, М.А. Ошактынова, И.Т.Шайкенова және жас маман М.Е.Кабиденов.

Республика күні қарсаңында мектеп оқушылары "Жырлаймын сені Қазақстаным!" челленджіне қатысып, Отан туралы өлеңдерді жатқа айтты.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02Bg4MpVkMZQLQZwE3JLgvgZk7NmqrHRpDYefgBkttNyUVgpiQGPFx9ZTdTdKToXHSJCZl&id=100014658811193&mibextid=Nif5oz

8 қыркүйек күні сағат 12:00 - де "Тоғыз ай 9 іс - шара" тұжырымдамасы негізінде "Сергіту сәті" республикалық челленджі 1-11 сынып оқушыларымен ұйымдастырылды. Челлендждің мақсаты - балалардың салауатты өмір салтын насихаттау. **Талап:** физикалық белсенді болу.

Талап: салауатты өмір салтын ұстану. **Ар-ұят:** әдеп нормаларын ұстану. Мектеп алаңында денсаулық күнінде жаппай жаттығу жасау және бастауыш сыныптарда отбасымен үйде дене шынықтырумен айналысу челленджі өтті. Барлық бейне роликтер әлеуметтік желіге жарияланып отырды. «Денсаулық және дұрыс тамақтану» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу.

Отбасы күніне арналған іс-шаралар. **Ар-ұят:** өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну. «Отбасылық

дәстүрлер» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы) сынып жетекшілер оқушылардың ата-анамен бірлесіп әректену мақсатында осындай тәрбиелік мәні бар іс-шара өткізеді. Челлендж барысында оқушылар қызығушылықпен белсенді қатысты.

Арнайы мамандармен профилактикалық жұмыс (ата –аналар, қыздар және ұлдар жиналысы)

Алдын алу түсіндірме жұмыстары. **Ар-ұят:** әдеп нормаларын ұстану.

Құқықбұзушылықтың алдын алу жолдары. «Зорлық -зомбылықсыз өмір»

Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу

Ар-ұят: халқына адал қызмет ету. Аудандық кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер инспекторының қатысуымен үнемі профилактика Кеңесінің отырыстары өткізіледі. Кеңесте тәртіп бұзған, немесе құқық бұзушылыққа жол берген оқушылардың жеке істері қарастырылады. Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары барысында аз қамтылған отбасы категориясындағы балалардың үй жағдайы тексеріледі, ата-аналармен профилактикалық әңгімелесулер өткізіледі. Жайсыз отбасылардан шыққан оқушыларға үнемі бақылау жасалады. Әлеуметтік педагогтер мектепшілік бақылауда тұрған оқушыларға тәлімгерлік көрсетеді. Олардың сабаққа қатысуын қадағалап, бос уақыттарын ұйымдастырады.

2023-2024 оқу жылында «Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп» КММ-де барлығы-362 оқушы. Бастауыш буын-121 оқушы, орта буын-154 оқушы, жоғары буын-58 оқушымен қамтылған. Құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында оқу жылының басынан бері біздің мектепте атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып кетсем: оқу жылының басында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жүргізілетін іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілген болатын. Жоспарға сәйкес бекітілген іс-шаралар өткізілді.



Психологиялық қызмет жоспарына сәйкес құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жыл бойы жұмыстар атқарылуда. 8-11 сынып оқушы қыз балаларымен кәмелет жасына толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге ҚІБ ювеналды полиция қызметкерлері, мектеп әкімшілігі, мектеп психологтары, мектеп медбикелері мен сынып жетекшілер қатысты. Жиналыс барысында мектеп инспекторы полиция лейтенанты Г.Т.Махметова қыздарға қалада орын алған құқық бұзушылықтар туралы айтып, заң бойынша көрілген шаралар жөнінде атап өтіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар мектеп медбикелері жеке гигиеналық

тазалық туралы әңгіме қозғап, қоғамдық жерлерде тазалық сақтау туралы айтты. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.С.Абильдина мектеп формасы мен мектептің ішкі тәртібін атап өтіп, сақталуын қатаң талап етіп, ескертулер жасады. Жиналыс соңында оқушылар сұрақтарын қойып, тиісті жауаптарын алды.

Мектеп оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында "Ер азаматына лайық бол" тақырыбында ер балалар арасында жиналыс өтті. Жиналысқа мектеп инспекторы Г.Т.Махметова, мектеп әкімшілігі, АӘД пәні мұғалімі Т.Б.Жусупбеков пен сынып жетекшілер қатысты. Жиналыс барысында оқушыларға құқықтары мен міндеттері жөнінде полиция лейтенанты Г.Т.Махметова түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, оқушылардың сұрақтарға жауап берді. Арнайы дайындалған видеоролик көріп, оқушылар түйген ойларымен бөлісіп, пікірлерін білдірді.

Жасөпірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 9-11 сынып оқушыларымен жиналыс ұйымдастырылды. Кездесуге мектеп инспекторы полиция лейтенанты Ғалия Тлектесовна, мектептің психологиялық қызметі, сынып жетекшілер қатысты.

Жиналыс барысында полиция қызметкерлері тиісті бөлімшелері бойынша қалада орын алған құқық бұзушылық фактілерін көрсетіп, қандай жаза қолданылғаны және оның алдын алу жолдарын кеңінен түсіндіріп өтті.

Кәмелет жасына толмағандар үшін ата - аналар жауапқа тартылып, тиісті мөлшерде айыппұл төлейтінін атап өтті.

Оқушыларға құмар ойындар ойнамауға, ондай іс әрекет жақсылыққа алып келмейтінін айтып, қателік жасамауға шақырды.

Оқушыларға тақырыпқа сай видеороликтер көрсетілді.

Кездесу соңында оқушылар мен мұғалімдер сұрақтарын қойып, тиісті жауаптарын алды.

«Абайланыз, балалар!» республикалық айлық акция аясында қауіпсіздік ережелерін насихаттау барысында мектебіміздің 1-8 сыныптарында «Осторожно, дети», «Абайлаңыз, балалар!», «Осторожно, пешеход!» тақырыптарында сынып сағаттары өтілді. Сонымен қатар мектеп инспекторы Г.Т.Махметова кездесу ұйымдастырылды. Кездесу сабағында инспектор жолда жүру ережесі мен жол белгілерін атап өтіп, түсіндірме жұмысын жүргізді. Кездесу соңында оқушылар сұрақтарын қойып, тиісті жауаптарын алды. Оқушыларға жолда жүру ережесі мен ескерту нұсқаунамалары берілді.

Сонымен қатар Түркістан ҚПБ-ң потрульдік полиция қызметкерінің қатысуымен «Жолда жүру ережесін сақтайық!» атты сыныптан тыс іс-шара өтілді.

Қазақстан Халықтарының Тілдер мерекесі де өз дәрежесінде аталып өтілді. Тілдер мерекесіне әр пән бірлестігі өзінше үлес қосты.

Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі болса Шәкәрім бабамыздың туылғанына 165 жыл толуына орай 5-сыныптар арасында "Шәкәрім баба өсиеті" атты мәнерлеп оқу байқауы мен Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай "Ұлты ұлықтаған

ұлы ұстаз" атты әдеби кеш ұйымдастырды. Мектеп дәлізіне Алаш зиялыларының шығармаларынан кітап көрмесі жасалды.

2023 жылдың 11 қыркүйек күні Тілдер онкүндігіне орай ұйымдастырылған 9 сынып қыздарының арасында «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» атты тәрбие сағаты өтті.



22.09.2023ж күні білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің кешенді бағыттарын насихаттау, Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігінің бұйрығы негізінде және жас ақындардың өнерлерін шыңдау, дамыту мақсатында "Көк тудың желбірегені" атты ақындар айтысы қала мектептері оқушылары арасында қыркүйек-қазан айларында өткізілмекші. Осыған орай мектебімізде 22-қыркүйек күні "Жаңа күн- жаңа Қазақстан" атты ақындар айтысы болып өтті.

Ұлттық әдебиетіміз бен өнерімізді насихаттау, айтыс өнерін жас ұрпақтың санасына сіңіру мақсатында өткен айтысқа мектебіміздің 5-8 сынып оқушылары мен ұстаздары қатысып, өнерлерін ортаға салды.

Жас ақындар шама-шарқынша жаңа Қазақстан туралы ойларын ортаға салды, күйлер орындады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл агенттігінің хатына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 31 желтоқсанындағы №1147 қаулысымен бекітілген жоспарына сәйкес 28.09.2023ж күні сағат 10:00 де мектебімізде бірінғай "Адалдық сағаты" ұйымдастырылды.

Тәрбие сағатының мақсаты: 1. Оқушыларға адалдық, шындық туралы түсінік бере отырып, оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды, шыншыл, қайырымды тағы басқа адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету.

22-қыркүйек күні оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлау іс-шарасы болған жоқ. Себебі мектеп Президентті 11 сынып оқушысы Мереке Жамбыл тағы бір жылға мектеп президенті болып қалды. Мектеп президенті жұмыс жоспары мен алға қойған мақсаттарын жариялап, таныстырды.

1- қазан қарттар күні мерекесі. Неткен шіркін уақыт десеңші, осылайша ортамызда жүрген қарияларымыздың бір кезде елі, халқы, келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері ерекше орын алады. Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде қарттарға үлкен мән беріп, көңіл аударып, жан- жақты үкімет тарапынан қамқорлық жасалуда. Қазақстанның өсіп- өркендеуіне, еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы деп есептейміз. Міне, енді қарттар күні саналы ғұмырларын Отан деп,

тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын аға- апаларымыздың төл мерекесімен мектеп парламенті ұйымдастырған іс-шараға шақырды. Олардың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына.

Халықаралық қарттар күнін мерекелеу қарсаңында мектебіміздің ұжымы мен оқушылары зейнеткерлерді құттықтап, оларға зор денсаулық тіледі!



05 қазан күні мектебімізде "Ұстаз - ұлы тұлға" тақырыбында өткізілген мерекелік іс – шаралар өтті. Іс-шаралар өткізу мақсаты: «Мұғалімдер күні» мерекесін мерекелеу және мұғалім мәртебесін арттыру. Ұстаздар мерекесіне байланысты 1 – 11 сыныптар аралығында тәрбие сағаттары ұйымдастырылып, өткізілді. Сынып сағаттары барысында сынып жетекшілер оқушыларға ұстаздық мамандықтың қиындығы мен қызығы бірге жүретіні жөнінде түсініктерін қалыптастырып, білім алуға саналы көзқарастарын нығайтып, жеке тұлғаның рухани адамгершілік қасиеттерін дамытып, ұстазды әрқашан сыйлауға тәрбиеледі. Сонымен қатар "Дублер күні" өзін өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен жоғары деңгейде өтілді. Іс - шаралар өз деңгейінде ұйымдастырылып, мақсатына жетті.

Мектеп президенті Жамбыл Мереке 11 сынып оқушыларына бастамашыл топ құрып, оқушыларға сабақ берді.

Дублер күні мұғалімдердің де оқушылардың да естерінде ең қызықты және жаңашыл сәттерге толы болды. Дублёр күнінің нәтижелері бойынша салтанатты жиын өткізілді. Жиында Дублёр күнін өткізудің қорытындылары жарияланып, белсенді қатысқан білім алушылар марапатталады.

Дублер күні мұғалімдер құрметіне арналған мерекелік концертпен аяқталды.

<https://www.facebook.com/share/p/p3hdeNWN2jJjxegU/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/Zb1uBqnfQD1Ki6L/?mibextid=oFDknk>



Республика күні «Көк тудың желбірегені» 25 – қазан Республика күні **Талап:** дұрыс қарым-қатынас орната білу. **Ар-ұят:** әдеп нормаларын ұстану **Ұлттық мүдде:** Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға ат салысу.

Талап: дұрыс қарым-қатынас орната білу.

23 қазан күні «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы аясында қазан айындағы жоспар бойынша бірыңғай Әнұран орындау челенджі өткізілді. Сонымен қатар

24 қазан күні, 25 қазан —Республика күніне орай «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қабылдау салтанатты рәсімі өтті.

Мақсаты: оқушыларға еңсесі биік егемен еліміздің айбынды да азат ұрпақтары екендігін терең ұғындыру. Патриоттық, отансүйгіштік сезімін дамыта отырып, ел бейбітшілігін сақтау жолында үлес қосуға баулу. «Жас Ұлан» ұйымының қатарына мектеп оқушыларын қабылдау.

Салтанатты жиынға мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Гульбану Исаевна Елиясова, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айнур Серкбаевна Абильдина, қосымша педагог Мадияр Ерболатович Кабиденов, АӘД пәні мұғалімі Талғат Букешевич Жусупбеков, мектеп психологтары, аға тәлімгер, сынып жетекшілер, «Жас Ұлан» ұйымының белсенді мүшелері, «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының мүшелері қатысты.



Жиында мектебіміздің 5-сынып оқушылары «Жас ұлан» ұйымына 28 оқушы, 2-сынып оқушылары «Жас қыран» ұйымына 33 оқушы қабылданды. Мерекелік шараны мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Абильдина Айнур Серкбаевна ашып, оқушыларды құттықтап өтті.

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының Ұланбасы Қоныспай Саида рапорт тапсырып, оқушыларды ант беру рәсіміне дайындады.

Оқушылар ант қабылдап, оларға мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, мектеп психологтары, «Жас Ұлан» ұйымының белсенділері, «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының мүшелері галстук тақты. Іс —шара соңында әнмен, жақсы көңіл күймен аяқтады.

Республика күніне орай оқушылар арасында волейболдан ойын өткізілді.



26 қазан күні мектебімізде 2023-2024 оқу жылында мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.И.Елиясованың ұйымдастыруымен "Баланың бас ұстазы ата -ана" тақырыбында 1 сынып ата - аналар арасында конференциясы өтілді. Іс -шара барысында 1 сыныптар туралы жалпы мәліметті сынып жетекшілер беріп

өтіп, сыныпта оқу процесінің жүруі туралы айтты. Оқушылардың денешынықтыру сабағына қатысу тәртібі мен және қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы пән мұғалімі Д.Ж.Маутбаев таныстырып өтті. Әлеуметтік педагог И.Т.Шайкенова оқушылардың жалпы әлеуметтік жағдайы туралы таныстырды. 1 сынып оқушыларының медициналық көрсеткіштері мен денсаулығы туралы мектеп медбикесі З.М.Бабашева түсіндірді. Мектеп психологтары Т.К.Кушугулова мен М.А.Ошактынова "Жақсы көңіл - күй - жан азығы" атты тренинг өткізіп, қатысушыларды сергітіп алды.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.С.Абильдинав ата - аналарды мектеп тәртібі, тәрбие жұмысымен, ата - аналарды педагогикалық қолдау көрсету орталығының жұмыс жоспарымен таныстырып өтіп, ата - аналарға арналған сауалнама жүргізді. Жиналыс соңында ата -аналар сұрақтарын қойып, тиісті жауаптарын алды және ұсыныстарын жазып, іс - шараны қортындылады.

Білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту бойынша «Мектеп парламенті» отырысы өтті. Мектебіміздің аға тәлімгері Шаинова А. Т. мен мектеп призиденті Мереке Жамбыл оқушыларға осы жоба туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

"Мектеп парламенті" жобасында 8 фракция жұмыс жасайды. Олар:

Құқық және тәртіп фракциясы – 9 “Ә” сынып оқушысы Жаңбырбай Толғанай.

Білім министрі - 8 «А» сынып оқушысы Бүкеш әділбек.

Дебат қозғалысы фракциясы- 11 «А» сынып оқушысы Аманжолова Назерке.

Спорт және салауатты өмір салты фракциясы- 11"А" сынып оқушысы Елюбай

Саяжан. Экология және еңбек фракциясы- 8 "ә" сынып оқушысы Баязит Надир.

Ақпарат фракциясы - 11 "А" сынып оқушысы Сағидолла Динара.

Қамқорлылық (еріктілік) фракциясы- 11 “А ” сынып оқушысы Есілбай Әйгерім.

Мәдениет және өнер фракциясы- 8 “А” сынып оқушысы Бағитжан Шыңғыс.Өзін

- өзі тану және бақыт фракциясы-8 "А" сынып оқушысы Нұржан Аяжан.




2023 жылдың 6 қараша күні мектебімізде №1 педагогикалық кеңестің қаулысының орындалуы бойынша педагогикалық кеңес өтті.

I тоқсанның қорытындысы және оқу тәрбие жұмысының орындалуы мен «Алтын белгі» және «Ерекше аттестатқа» үміткер оқушыларды бұйрықпен бекіту, «БАБЖМ» (білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі), «МОДО» сырттай бағалау және ҰБТ- ге дайындық (4,9,11 сыныптар) бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г. И. Елиясова сөз айтты.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. С. Абильдина, ғылыми ісі жөніндегі орынбасары Б. Ж. Молгаждаров, әлеуметтік ұстаз И. Т. Шайкенова, мектеп психологі Т. К. Кушугулова, аға тәлімгер А. Т. Шаинова, интернат тәрбиешісі А.Еркінбаева бірінші тоқсанда өткізілген іс-шаралар қортындысы бойынша сөз алды.



9 қараша күні мектебімізде «Күзгі бал» ұйымдастырылды. Күзгі бал өте қызықты өтті. Күзгі балдың бірінші кезеңі таныстыру, екінші кезеңі мәнерлеп оқу, үшінші кезеңі музыкалық нөмір, төртінші кезең сән көрсету, бесінші кезең күз байлығын көрсету болды. Жоғары сынып оқушылары өздерінің жаңашыл, шығармашыл, іскер екенін көрсете білді.



«Қазақстан балалары-күзгі интерактив!» атты оқушылардың күзгі демалысын жоспарлау бойынша Қазақ орта мектебінде «Асар» атты челлендж іс-шарасы сыныптар арасында бастау алды.

«Асар» сөзінің мағынасы ертеден келе жатқан халқымыздың озық әдет-ғұрпы, бір-біріне ақысыз көмек көрсету, көпшіліктің көмегін пайдалану дәстүрі. Халқымыз қол күшін керек ететін, көпшіліктің қатысуымен іске асатын үй салу, қой қырқу, тай таңбалау, киіз басу, егін ору, шөп шабу тәрізді қауырт жұмыстарды көптің күш-қайратымен, көмегімен тез атқару үшін ру басының, үй иесінің ауылдастарын, туған-туыстарын шақырған. Осылайша бірлесе білек сыбанып, «Жұмыла көтерген жүкті» асар деп атаған.

Бұл челленджге оқушылар белсенді қатысып жатыр. Осындай өз халқымыздың әдет-ғұрпы арқылы балаларға оң тәрбие беруге болады.


<https://www.facebook.com/share/p/56va9QVXAdQu4SCf/?mibextid=oFDknk>

"Бірыңғай тәрбие бағдарламасы" шеңберінде ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспарын және сынып жетекшілерінің жоспарын іске асыру

шеңберінде "Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп" КММ 2023-2024 оқу жылында жоспарға сәйкес педагогикалық қолдау көрсету орталығындағы ата-аналарға сабақтармен, ата-аналар жиналыстарын өткізіп отырды.



"Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп" КММ-нің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мен аға тәлімгері, әлеуметтік ұстаз кешкі уақытта оқушылардың тәртібін тексеру мақсатында "Түнгі қала" рейдін өткізіп отырды. Көшеде түнгі уақытта кәмелетке толмаған балалар анықталған жоқ.



Мектебіміздің 8 "Ә" сынып оқушысы Ахмет Асылхан Облыстық "Қазақстан таланттары" ән байқауына қатысып, "Гран При" атағына ие болды. Жетекшісі музыкалық жетекшісі Сәкен Нукенов. Сонымен қатар, Республикалық облыстық деңгейінде өткен ғылыми жобаларға мектебіміздің оқушылары қатысып 2,3 орын, қатысқандарды үшін сертификат алып, өз білімдерін көрсете алды.



Булинг және кибербулинг жайында түсініктеме беру, алдын алуға тәрбиелеу мақсатында, дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай "Зорлық зомбылықсыз балалық шақ" науқаны аясында 8 "Ә" сыныбында мектептің психологиялық қызметі балалардың қауіпсіздігін қамтассыз ету мақсатында "Булинг және Кибербулинг" тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.



2023-2024 оқу жылы мектеп оқушыларымыз спорт саласынан үлкен жетістіктерге жетті. Петропавл қаласында, 2010-2011 жылғы туылған жасөспірімдер арасында Қазақ күресінен облыс чемпионаты өтті, осы чемпионатта мектебіміздің оқушылары Шал ақын ауданының намысын қорғады. Чемпионатқа облысымыздың 9 ауданы және Петропавл қаласының 4 командасы бақ сынады. Біздің нәтижелеріміз: 35 кг салмақ дәрежесінде Жаңбырбай Нұрасыл 🥉 орынға ие болды.

38 кг салмақ дәрежесінде Жұмабай Ернұр 🥉 орын.

42 кг салмақ дәрежесінде Рақым Алихан 🥉 орын. Және де айта кетсек Е. Букетов атындағы МГ -ның оқушысы Ержан Ерназар 🥉 орын.

М. Ахметбеков ат. ОМ оқушысы Ерғазы Мансұр 🥉 орын.

Шал ақын ауданы жалпы командалық есепте 🥉 орынға ие болды 🏆.

2023 жыл 24-25 қараша аралығында, Ғабит Мүсірепов ауданы, Новоишимское ауылында 2011-2012 жылғы туылған жасөспірімдер арасында, Дзюдо күресінен Джумабеков Мұрат Кабенұлын еске алуға арналған Республикалық турнирде жүлделі орындарға ие болдық: Ғабдолла Төремұрат 3-орын.

Жаңбырбай Ерасыл 3-орын.

Жаттықтырушы, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Маутбаев Дархан Жұмабекұлы.



5-желтоқсан Халықаралық «Еріктілер күніне» орай, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясындағы мектебіміздің еріктілер тобы балалардың «мейірімділік», «қайырымдылық» құндылықтар туралы түсініктерін кеңейту; оқушылардың психологиялық ой-өрісін, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойларын

еркін жеткізе білуге үйрету; оқушыларды мейірімділікке, қайырымдылыққа, кішіпейілдікке тәрбиелеу мақсатында, бастауыш сынып оқушыларын өз жұмыстарымен таныстырып «Біргеміз!» атты членджені өткізді.



Мектебімізде Тәуелсіздік күніне орай 9-14 желтоқсан аралығында біршама іс-шаралар өткізілді. Атап айтар болсақ, 9 желтоқсан күні 1-11 сыныптар арасында «Мен ұлы даланың ұлымын!» атты тәрбие сағаттары көш бастап, үлкен үзілістегі «Ел тарихының сырлары» аталған танымдық ойындармен, «Тәуелсіздік тарихы» атты радио хабарлармен өз жалғасын тапты.

10 желтоқсан күні 2, 5 сыныптарын «Жас сарбаз» қатарына қабылдау іс-шарасы салтанатты түрде өтті, түстен кейін тарих пәнінің мұғалімі Ж.Е.Сугурова 8-сыныптар арасында «Ұлы даланың жеті қыры» атты интеллектуалдық ойын ұйымдастырып, ұлы даланың тарихы туралы оқушыларға көп мағлұмат берді, жеңімпаздар марапатталды. 11 желтоқсан күні Республикалық «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты қабылдау өткізілді, 150 оқушы «Жас Ұлан» қатарына қабылданды. Сонымен қатар, 9-сыныптар арасында Б.Ж. Молгаждаров артуына жағдай жасады. 9-11 сыныптар арасындағы «Жаса, жайна, Қазақстан!» салтанатты іс-шарасы 13 желтоқсан күні өтті, оқушылар атаулы жылдарды сөйлете отырып, тамыры терең тарихтың қойнауына көрермендерді сапар шеккізіп қайтты. Тәуелсіздік күніне орай өткізілген әр іс-шараға мектеп оқушылары толығымен қатысып, жоғарғы деңгейде өтуіне себепкер болды. "Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп" кітапханасында 16 желтоқсан тәуелсіздік күніне орай "Тәуелсіздік халық мұраты" атты тақырыптық көрме ұйымдастырылды.



Мектеп оқушыларына арналған «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты мерекелік кеш өтті. Жөні де, орны да бөлек, әрі сән-салтанатымен, жоғары көңіл-күймен өтетін аталмыш кеш балалардың жүрегінде мәңгі сақталатындай етіп өткізу мектеп әкімшілігіне де, мұғалімдер үшін де үлкен міндет, әрі абыройлы шаруа болып табылады.

Бұл іске 10 сынып оқушылары кірісіп, театрландырылған шоу көрсетіп, балалардың көңіл-күйін көтеруге барын салды. Мектебімізде ұйымдастырылған Жаңа жылдық шырша кеші әсем безендірілген спорт залда мектеп парламенті мүшелері, белсенді оқушылардың атсалысуымен, думанға толы салтанатпен өтті. Өртүрлі кейіпкерлердің киімін киіп келген балалар думанды кешке атсалысып, ән-билерін көрсетіп, өнерлерімен ерекшеленуге тырысты. Аяз ата мен Ақшақар өнерлерін көрсеткен бүлдіршіндерге сыйлықтарын беріп, көңілдерін көтеруге тырысып бақты. Жалпы үлкен дайындықпен ұйымдастырылған шырша кеші жоғары деңгейде өткізіліп, балалардың көңілінде мәңгі қалатындай болды.

Мектеп директоры Уайсова асыл Каримвна сөз кезегінде ұйымдастырушылар мен 10 сыныптың сынып жетекшілері Ж.Е. Сугурова, Б.С. Мықтабаеваға алғысын білдіріп, барша қонақтарды Жаңа жыл мерекесімен құттықтады.



2024 жылғы 17 қаңтар мен 17 ақпан аралығында жалпы мектептер арасында "ДосболLiKE: достық қолын ұсын" акциясы өткізілді. Акцияның ұраны: Нағыз досынның болуын қаласаң-дос бол! Акцияның мақсаты: Оқушылардың позитивті қарым-қатынастары мен эмоционалдық әл-ауқатын дамыту.

Қойылған міндеттері:1. Шығармашылық өзара іс-қимыл жағдайында оқушылардың, педагогтардың және ата-аналардың ынтымақтастығына қажеттілікті қалыптастыруға жәрдемдесу.2. Оқушылардың эмоционалды әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін шығармашылық ынтымақтастық негізінде позитивті қарым-қатынастың тиімді түрлері туралы қатысушылардың түсініктерін кеңейту. 3. Бірлескен іс-әрекеттегі қарым-қатынас тәжірибесі арқылы оң қарым-қатынас құру үшін белсенді мінез-құлық дағдыларын дамыту. Қызмет принциптері:

- еріктілік
- бастамашылық
- жауапкершілік
- сенім
- өзара көмек
- шығармашылық

Мектебімізде акция барысы бойынша түрлі сайыстар, қоңілді үзілістер өткізілді. "Дос болайық" акциясы аясында, "Ұлттық құндылық" тақырыбында көрме ұйымдастырылды. Мектебіміздің жас мамандары арасында "Волейбол" ойыны өтті. Сонымен қатар, акция жоспары негізінде мектебіміздің талантты оқушылары мен ұстаздары көршілес мектептерге концертпен шығып, өз өнерлерін көрсетті.



"ДосболLIKE" акциясының іс-шара жоспары аясында 4-сыныптардың ата-аналарымен "Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының" жұмыс жоспарын біріктіре отыра 4-сыныптың сынып жетекшілері мен педагог-психологі "Ата-ананың баламен достық қарым-қатынасы" атты тренингті ата-ананың бала тәрбиелеудегі оң психологиялық көзқарасын, балаға деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру мақсатында өткізді. ата-аналарды ұйымдастыру үшін Г.Қ.Шаниева "Бірлік " тренингін өткізді."Ой толғау " жағдаяттық жаттығу кезінде ата-аналардың ойы тыңдалып, пікірлерімен бөлісті.Сондай -ақ ДОДЖО Г.И.Елиясова ата-аналарға осы жылдың сәуірдің 8-күні оқушылар ББЖМ бойынша тест тапсыратынын хабарлады.Тест бойынша пәндері аталып ,тестті өту уақыты айтылып өтілді. Педагог-психолог Т.Кушугулова ББЖМ дайындық бойынша ата-аналарға кеңес беріп,жадынама таратты.



«Айқап» қоғамдық - гуманитарлық бағыттағы дебатүйірмесі құрылып, жылдық жоспары жасалынды. Жетекшісі: Ж.Е.Сугурова. Жыл көлемінде жоспар бойынша жұмыстар атқарылды. Дебат клубына 8 – 10 сынып оқушылары қамтылды. Барлығы – 13 оқушы.

Мақсаты: Саясисауатты, еркін көзқарасы бар, азаматтық қасиеттері мен ұстанымдары дағдыланған, демократиялы қарым – қатынасқа қалыптасқан қоғамдағы тұлғаны қалыптастыру.

"Айқап"дебат клубының ұйымдастыруымен "Жаңа Қазақстанда ақындар айтысының дамуы"тақырыбында дебат өткізілді. Мақсаты:айтыс өнерін насихаттау,болашақ ұрпаққа айтыстың құндылығын жеткізу.Оқушылыларды шешен сөйлей білуге,сөздік қорларын байытуға үйрету.

26 қаңтар күні аудандандық «Kenes Cup» дебат лигасы өтті. Кәкімбек Салықов атындағы орта мектебінен 3 команда белсенді қатысты, бірінші команда “Кәкімбек жастары” екінші команда “Ел жанашырлары” үшінші “Айбын” командасы. Аудандық дебат лигасында барлық командалар белсенді қатысқаны үшін Сертификатпен марапатталды.
Жетекшісі: Кабиденов М.Е



26 қаңтар "Тоғыз ай – тоғыз іс-шара" жобасын жүзеге асыру барысында Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп оқушылары көрнекті ғалым-математик Асқар Серкұлұлы Жұмаділдаевтың математикалық есептерін шешуге арналған "Қазақ есебі" челленджіне қатысты. Бұл челлендж-сыни және шығармашылық ойлауды, математика мен логикаға қызығушылықты және интеллектуалды қабілеттерді дамытудың тамаша тәсілі Математика мұғалімдері:

Г. Ш. Мукатаева

Е. Ж. Махметов

А. Т. Шамбилова

26 қаңтар Кәкімбек Салықов атындағы орта мектебінің 3"А", 3"Ә" сынып оқушылары Математикалық ойлау қабілетін арттыруға арналған есептерді шешу "Қазақ есебін атты челленджна белсене қатысты. Өздерінің білімдерін көрсетті.

Бастауыш сынып мұғалімдері:

А. Р. Даукенова

З. И. Умирбаева



Ұлттық құндылықтар-бұл халықтың ұлттық дәстүрлері мен әдет ғұрыптары, мәдениеті мен өнері олардың тарихи ерекшелігін көрсететін рухани мұралардың жиынтығы.

"Ұлттық өнер" көрмесі Өскеген ұрпақты тәрбиелеуде ұлттық мәдени мұралық құндылық әлеуетін іске асыру.

"Ұлттық өнер" көрмесінің мақсаты:

Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық әлеуетін ашу, мәдениет пен өнер арқылы әдемі әлемге баулу, ел тарихының маңыздылығы мен қатысуын арттыру. Отан сүйгіштікке және туған өлкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, мәдени мұраны сақтау.

14 ақпан Халықаралық кітап сыйлау күніне орай «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектебімізде «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы жариялаймыз. Барлық ұстаздарды, оқушыларды, ата аналарды акцияға белсенді қатысуға шақырадық. Акция мектеп кітапханасында ақпан айының 13-24 аралығында жалғасты, оқушылар мен мектеп ұстаздар ыбелсенді қатысты.



Мектепте жылдағы дәстүр бойынша 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесі сән-салтанатпен өтті. Әдемі безендірілген АКТ залында мектептің өнерпаз білім алушылары ән мен күйден шашу шашты. Бұл күні мектеп оқушылары аудандық мәдениет үйінде өткен концерттік бағдарламада өз өнерлерін көрсетті.



Мектебімізде 8-11 сынып арасында Наурыз мерекесі ерекше аталып өтті. Оқушыларымыз жаңару күніне мерекелік шара ұйымдастырып, салт-дәстүрімізді терең меңгергенін көрсетті. Мектептегі өнерлі өрендер ән мен жырдан шашу шашты. Әр сынып мерекелік көңіл-күй сыйлап, ауылдың алты ауызынан түрлі сый тарту етті.

Мектеп оқушылары ауыл-ауылға бөлініп, өзара жарыс өткізілді. Келген қонақтарға дәмді наурыз көже, тәттілер таратылды. Мереке күні керемет ән, би жарыстары болды. Бата беруден, ән айтудан сайыс ұйымдастырып, оқушылар ортада «Қара жорға» биін биледі.

Ұлттық әдет-ғұрып пен салт-дәстүрден сыр шертетін әңгіме де айтылды, көрініс те қойылды, қазақы ойындарымыз да назардан тыс қалмады. Оқушылар асық ату, тоғызқұмалақ, қазақша күрес, кір тасын көтеру, арқан тартудан бақ сынасты. Қыстан аман-есен шығып, мал тұяғы көкке, аузымыз аққа ілініп, ұлтымыздың

Жаңа жылы мектебімізде осылай тойланды. Барлығының көңіл-күйі керемет! Әсіресе, оқушылар қуанып жүр.



12-сәуір күні К.Салықов атындағы орта мектепте оқушылардың ғарыш туралы түсініктерін кеңейтіп, ғарышқа тек қана өте білімді, денсаулығы мықты, спортпен шұғылданатын, еңбекқор адамдар ұшатынын ұқтыра отырып, оқушылардың еңбек сүйгіштік патриоттық сезімдерін оята отырып тәрбиелеу мақсатында “Ғарышкерлер күніне арналған” сынып сағаттар өткізілді.



Кәкімбек Салықов атындағы мектеп ұжымы "Таза Қазақстан" акциясының аясында, 7 мамыр отан қорғаушылар мерекесі қарсаңында қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау мақсатында, таза сенбілікке шықты. Мектеп ауласына тазалық жұмыстарын жүргізіліп, шыршалар отырғызылды. 3 мамыр күні сағат 11-00-де «Мамыр – ынтымақ айы» айлығы аясында және Мемлекет басшысының "Таза Қазақстан" экологиялық акциясын қолдау мақсатында, "Түлектердің ағаш егу" чөлденжі ұйымдастырылды. Мектебіміздің 11 сынып түлектері мектеп ауласына шырша ағаштарын отырғызды.

Мектебіміздің ұстаздары мен оқушылары Ұлы жеңіс мерекесі қарсаңында ұйымдастырылған “ Жеңіс лентасы” акциясына белсенді қатысты.

9 мамыр "Жеңіс күні" жоспары негізінде мектеп оқушылары "Квиз,плиз!" ойының ойнады.



1- Мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай жоспарға сай орта және жоғары сынып оқушылары арасында "Бірлігіміз жарасқан!" атты сынып сағаттары өткізіліп, жәрменке ұйымдастырылды. "Мамыр-ынтымақ айы" аясында мектебіміздің 1-4 сынып оқушылары арасында «1 Мамыр – Бірлік пен Татулық мерекесі», «1 Мамыр – Бірлік пен Жасампаздық мерекесі» тақырыптарында диктант өткізілді.



Оқушыларға мемлекеттік рәміздерді құрметтеп, мақтан тұту мақсатында әр дүйсенбі сайын мектебімізде жоспарға сәйкес, таңертеңгілік жиналыс алдында әнұран орындалып отырады.

"Кәкімбек оқулары" Облыстық байқауының "Сыршыл ақын" номинациясында жеңіске жеткен 10 "Ә" сынып оқушысы Асқақ Адемау "Гран При" иегері атанды. 7-11сынып оқушылары арасында Ғабит Мүсірепов "Сұлу сөздің зергері" облыстық байқауынан III дәрежелі дипломмен 8 "А" сынып оқушысы Асқақ Аяулым марапатталды.



9 мамыр- жеңіс күні" мерекесін атап өту мақсатында "Ерлігім-елім үшін! " тақырыбында ардагерлердің өмірі мен ерлігі туралы қысқаметражды фильм көрсетілді. 9-мамыр Жеңіс күніне орай 1-11 сыныптар аралығында бірыңғай ашық тәрбие сағаттары өтті. Қорыта келе оқушылар ұрпаққа ұлан болған Жеңіс күнінің қандай зор ерлікпен келгендігін ұғынды. Ерлік даңқы ешқашан өшпейтінін түсінді. Оқушылар бейбітшілікті сақтау және нығайту керек екенін, өз Отанын сүю қажет екенін, батыл әрі ер жүрек болу керек екенін түсінді. Оқушылардың бойында патриоттық саналы, адамгершілігі мол, елін, жерін қастерлейтін, болашақта Отанын қорғайтын, білімді, білікті азамат болып өсу дағдылары қалыптасты.



2024 жылдың 9 мамырында мектеп ұжымы мен оқушылары Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 79 жылдығына арналған Ұлы Отан соғысының батырларына арналған ескерткішке гүл шоқтарын қою рәсіміне қатысты.



"Бақытты балалық шақ" Республикалық акциясының жоспары бекітіліп, ашылуы өтті.

Мақсаты: оқушыларға бақыт түсінігін ұғындыру, эмоционалдық көңіл-күйін жақсарту, қызығушылығын ояту.

Халықаралық балалар күніне арналған "Бақытты балалық шақ" атты іс-шара Қазақстандағы балалар жылы аясында өткізілді. Балалар қызықты, көңілді сайыстарға қатысып, шығармашылық өнерлерін көрсетті және спорттық жарыстарды өз күштерін сынады.

Мерекенің соңында балалар марапатталып, дәмді дастархан ұйымдастырылды.



12 мамыр – Аналар күнін атап өту мақсатында іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді. Жоспарға сай жұмыс жүргізілді. 2 мамыр күні «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» сабақтары өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын және Ынтымақ айына арналған жоспарды іске асыру негізінде, 12 мамыр - Аналар күніне орай, мектеп оқушылары аналарына жылы лебіз сөздерін жолдады.

13 мамырда мектепте "Париж 2024 жылғы олимпиаданы қарсы алады" олимпиадасы апталығының салтанатты ашылуы өтті. Апта бойы "менің сүйікті олимпиадалық спортым" тақырыбында суреттер мен шығармалар байқауы өткізілді, Спортшымен кездесу өтті. Баскетболдан мектепішілік жарыстар (олимпиадалық спорт түрі) өтті. Оқушыларды патриоттық және рухани адамгершілікке тәрбиелеу. Отанды сүюге, рәміздерін құрметтеуге үйрету, өз Отанының патриоты етіп тәрбиелеу мақсатында, "Менің сүйікті олимпиадалық спортым!" тақырыбында 8—11 сынып оқушылары эссе жазды. Оқушылар спорттық флешмоб ұйымдастырды. "Олимпиада ойындарына дейін 100 күн" акциясы аясында мектебіміздің облыстық және республикалық жарыстардың жеңімпазы жүлделі орындардың иегері 9 сынып оқушысы Мүсет Санжар мен дене шынықтыру мұғалімі А. Қ. Елиясов оқушылармен "Спорт. Олимпиада ойындары" тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Оқушыларға олимпиада ойындарының Қазақстандық чемпиондары мен жүлдегерлері туралы бейнероликтер көрсетіліп, сұрақтар қойылды.



Шал ақын ауданының мектептерінде оқушылар арасында құқықбұзушылық пен қылмыстардың алдын алу мақсатында ЖПКБ қызметкерлері «Кәмелетке толмағандардың Әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік» тақырыбында дәрістер өткізді жыл бойы өткізіп отырды. Қылмыстық жауапкершілікке тартылған оқушылар жоқ.



"Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп" КММ-де 2023-2024 оқу жылының аяқталуына байланысты 25 - мамыр күні «Мектебім, саған мың алғыс!» «Соңғы қонырау» салтанатты жиыны өткізілді. Мектебімізді 29 оқушы бітіріп, үлкен өмірге қадам басты.

Мектеп түлектерін құттықтап, жылы сөздерін айтуға Шал ақын ауданның аудандық қоғамдық кеңесінің мүшесі, сатирик – ақын, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі - Қойшыбай Жанабайұлы Шәниев, Қазақ тілі қоғамдастығының төрағасы Ажаркүл Төлепбергенқызы келді. 24 мамыр күні жалпы мектептер бойынша 2023-2024 оқу жылының “Білімім-Отаныма” тақырыбында біріңғай сынып сағаттары өткізілді. Оқушылар жыл бойы көрсеткен ынталары мен

белсенділіктерінің арқасында Мадақтама және Дипломдармен марапатталды. Сонымен қоса, сынып сағаты барысында балалар өздерінің ұйымшылдықтарын арттыра отырып, қызықты ойындар мен тапсырмалар орындады.

9, 11 сыныптардың түлектері "Мен. Мектеп. Ұстаз" тақырыбында мектеп қабырғасындағы балалық шақтан болашаққа қадамы туралы эссе жазды.



<https://www.facebook.com/share/v/pb7XqrWVEgWP3WaM/?mibextid=oFDknk>

Жадыраған жаздың алғашқы күніне дәл келетін, балаларды қорғау күні-Халықаралық мерекелердің бірі. Бұл балалар мерекесінің халықаралық күнінің мәні- ең алдымен балалар өмірін, құқықтарын, пікір бостандығын, білім алу, дем алу мен бос уақытын, балалар еңбегінің эксплуатациясының қорғау құқықтарын сақтау қажеттігі туралы, адамгершілікті және әділ қоғам қалыптасуының қажетті жағдайлары ретінде үлкендерге ескерту болып табылады.

Осындай мәні зор Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған мерекелік іс-шара Шал ақын ауданының аудандық алаңында өтті. Мерекелік іс-шараға мектеп әкімшілігі, ұстаздар, оқушылар, ата-аналар қатысты.



<https://www.facebook.com/share/v/Jkd5yF7kyAqGt3ht/?mibextid=oFDknk>

2024 жылдың 3-28 маусым аралығында 1-4 сынып оқушылары үшін өтетін "Балдаурен" сауықтыру алаңының ашылуы өтті. Бастауыш сынып мұғалімдері балалардың көңілдерін көтеруге ат салысуда. Жоспар бойынша жұмыс жүргізілуде.



Тәрбие жұмысын талдауға сүйене отырып, жалпы алғанда 2023-2024 оқу жылдарында тәрбие жұмысының қойылған міндеттерін шешілген деп санауға болады, мақсатқа қол жеткізілді.

Қорытынды: Сонымен, жоғарыда айтылғандардың барлығына сүйене отырып, мектептің 2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының оң және теріс жақтарын анықтауға болады. Мектептің білім беру жүйесінің жағдайына SWOT-талдау:

Күшті жақтары (S)	Әлсіз жақтары(W)
1. Оқушылардың рухани – адамгершілік дамуын және кәсіби бағдарлануын қамтамасыз ететін мекемелерімен әлеуметтік серіктестік; 2. Қосымша білім беруде оқушылардың қатысу пайызы төмендемейді; 3. Тәрбие жұмысының жоспары толық көлемде жүзеге асырылады; 4. Сынып ұжымдарының тәрбие жұмысы бағдарламасын жүзеге асырудағы белсенділігі артып келеді; 5. Оқушылардың шығармашылық белсенділігінің өсуі, түрлі конкурстарға, байқауларға және басқа да жалпы мектептік іс-шараларға қатысуға деген ынтасы байқалады; 6. Ата-аналарды жалпы мектептік іс-шараларға қатысуға тарту;	1. Сынып жетекшілерінің жеке оқушылардың этикасын, мінез-құлық мәдениетін зерттеуге жеткіліксіз көңіл бөлуі. 2. Сынып ұжымдары деңгейінде оқушылардың өзін-өзі басқару жұмыстарының жеткіліксіздігі. 3. Балалар ұйымы көшбасшыларының құқықтық мәдениетінің төмендігі.

7. Мектеп сайты арқылы отбасымен жедел байланысты жүзеге асыру; 8. Мемлекеттік-қоғамдық басқару жүйесін дамыту (жалпымектептік ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңесінің ұйымдастырылған жұмысы); 9. Оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетін ұйымдастыру (үйірме және жобалық қызмет, конкурстық қозғалыс). 10. Мектептегі дәстүрлердің болуы 11. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығына және «Даналық мектебіне» тарту.	
Мүмкіндіктер (О)	Қауіптер (Т)
1.Оқушылардың бір-біріне толеранттық қарым-қатынасын қалыптастыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін жағдай жасау, экстремизмнің алдын алу; 2.Сынып жетекшілерінің біліктілігін арттыру; 3.Қоғаммен байланысты кеңейту, мектептің әлеуметтік серіктестерін іздеу; 4. Әр түрлі инновациялық педагогикалық технологияларды, жұмыс түрлері мен әдістерін енгізу; 5. Мектептегі өзін-өзі басқарудың балалар моделін жетілдіру. 6.Білім беру міндеттерін шешуге әлеуметтік серіктестерді тарту. 7. Мектеп мәртебесін көтеру	1. Ата-аналардың жұмысбастылығы. Кейбір ата-аналардың баласын оқытуға және тәрбилеуге құлықсыздығы. 2. Ғаламтор жүйесі және түрлі гаджеттердің білім алушылардың қоғамдық жұмысқа деген белсенділігін төмендетуі. 3. Қауіптіліктің үстемдігі бұқаралық ақпарат құралдары және интернет желілері

Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

Қосымша білім беру мектептің тәрбие жұмысының жүйесінде маңызды буыны болып табылады. Мектептің бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастыру мақсаттарында, білім беру сапасын жоғарлату үшін және әртүрлі дамыту орталарда оқушылар тұлғасын қалыптастыру үдерісін жүзеге асыру үшін сабақтан тыс қызмет ұйымдастырылған.

Биылғы жылдың ішінде мектептің тәрбие жұмысының дене-шынықтыру-спорттық бағыты күшейе бастады.

Мектептің педагогикалық ұжымы 2020-2025 оқу жылдарына арналған қосымша білім беруді дамытудың бағдарламасы әзірленген болатын. Оқушылардың мүмкіндіктерін және үйірмелер, спорттық секциялар мен сабақтан тыс іс-шараларға қатысуын жүзеге асыру үшін қолайлы орта қалыптастырылды.

Оқушылардың үйірмеге қатысулары жылдан жылға жоғарлап келеді.

2023-2024 оқу жылында мектептің үйірмелері мен секцияларына – 100 білім алушы (30%), мектептен тыс – 20 білім алушы (4,6%) қатысты. Барлығы 120 білім алушы. Білім алушылардың мектептегі және мектептен тыс үйірмелер мен секцияларға қатысуы жылдан жылға жоғарлап келетінін көрсетеді.

Қосымша білім беру педагогтарының жұмысы қосымша білім беру мазмұнын жүйелі түрде жаңғыртылуына бағытталған. Үйірмелер мен секциялар мүшелерінің жеткілікті сандық құрамын атап бағалау қажет. Жетекшілер балалардың қызығушылықтарын жоғарлатуға және түрлендіруге тырысады, бұл жыл бойы сайыстар, жарыстардағы тұрақты әрі жақсы нәтижелерге әкеледі.

Оқушылардың мектептегі үйірмелер, спорттық секциялардағы қамтылу жүйесі оқушы тұлғасының әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Мектепте 4 спорттық секция ұйымдастырылып, оқушылар тартылып отыр. Секция жұмыстарының жұмыс істеу кестесі жасалған. Сол бойынша оқушылар тартылған. Әсіресе, оқушылар спорттық секцияларға белсене қатысады. Мектепшілік волейбол (ұлдар, қыздар), баскетбол (ұлдар, қыздар), шахмат, бокс сайыстары өткізіледі. Аудан көлемінде өтілген волейболдан, қазақша күрестен жүлделі орындарға ие болды.

2023-2024 оқу жылында өткізілген шаралар заман талабына сай әлеуметтік парақшаларға уақытында жарияланды.

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Шал ақын ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
"Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**2023-2024 оқу жылында Құндылыққа
негізделген оқу мен тәрбие бағдарламасын іске
асыру бойынша атқарылған және жоспарланған
жұмыстардың деңгейі туралы
АНЫҚТАМА**

Дайындаған ДТІЖО

А.С. Абильдина